При развальцовке трубу держите отверстием вниз. Чтобы частицы меди не попали внутрь, а выпалились на пол. Зажмите трубку в держателе с выпуском 2 мм наружу. Зажмите трубку, поставьте конус развальцовки, закрутите, прилагая усилия. Развальцовка закончена, когда конус дальше не идет. Повторите эти действия с другой стороны, потом с другой трубкой.

Если раньше Вы не вальцевали трубы, рекомендуем потренироваться на ненужных кусках. Край должен получиться ровный, с четкой непрерывной каймой.

Соединение с блоками

Развальцованный край трубы соедините с соответствующим выходом, закрутите гайку. Запрещено использовать дополнительные прокладки, герметики и т.п. Используйте специальные трубки из высококачественной меди, чтобы они обе-

спечивали герметизацию без дополнительных средств.

Прилагайте серьезные усилия (таблица 3).

Таблица 3

Размер трубы (мм)	Крутящий момент (Н. м)
φ 6.35 (1/4")	15~19
φ 9.52 (3/8")	35~40
φ 12.70 (1/2")	50~60
φ 15.88 (5/8")	62~76
φ 19.05 (3/4")	98~120

Только в этом случае медь расплющится, обожмет штуцер, соединение станет практически герметичным. Всегда используйте торсионный ключ, установленный на правильный крутящий момент, и всегда удерживайте клапан внутреннего блока другим гаечным ключом (рис. 11).

Аналогичным образом подключите трубопровод к наружному блоку.

После завершения подключения труб проведите полное испытание на герметичность соединений.

ВАКУУМИРОВАНИЕ

ВНИМАНИЕ!

Влажный воздух в системе охлаждения может вызвать неполадки в работе компрессора.

При монтаже влажный воздух из помещения или с улицы заполняет медные трубки. Если его не удалить, он попадет в систему. В результате компрессор будет работать с большей нагрузкой, что приведет к перегреву.

Наличие влаги также негативно сказывается на работоспособности системы. Это объясняется тем, что фреон, которым заправлена сплит-система, содержит некоторое количество масла для смазки элементов изнутри. Это масло гигроско-

пично, но напитавшись водой, оно менее эффективно смазывает внутренние элементы, а это приводит к их преждевременному износу.

Удалить воздух из системы можно при помощи вакуумного насоса.

Также вам понадобятся трубка высокого давления, группа из двух манометров: высокого и низкого давления (рис. 12).




Рис. 12

Не открывая клапанов на управляющих вентилях, ко входу с золотником подключите шланг от вакуумного насоса, включите оборудование. Насос должен работать 15–30 минут. За это время вытягивается весь воздух, пары, остатки азота.

После отключите насос, закройте вентиль насоса, но не отсоединяйте и оставьте еще на 15–20 минут. Все это время нужно

наблюдать за показаниями манометров. Если система герметична, стрелки манометров замрут на месте, изменение давления не произойдет. Если стрелки меняют свое положение, значит, где-то есть утечка и ее необходимо устранить. Найдите ее с помощью мыльной пены и подтяните соединение (обычно проблема находится в месте подсоединения медных трубок к выходам блоков).

Если все нормально, не отключая шланг насоса, полностью открутите клапан, который находится внизу. Внутри системы послышатся звуки — фреон заполняет систему. Теперь быстро окрутите шланг вакуумного насоса. Из клапана может выйти некоторое количество ледяного фреона (выполняйте это действие в перчатках, чтобы предотвратить обморожение). Затем открутите полностью клапан вверх (где подключена более тонкая трубка).

Установка сплит-системы завершена.

ДОЗАПРАВКА ХЛАДАГЕНТА

Если длина трубопровода более 5 метров, то необходимо дозаправить систему хладагентом согласно таблице 4.

Таблица 4

Газ	Жидкость	Дополнительный хладагент
φ 9.52x0.75 мм	φ 6.35x0.75 мм	0.02 кг/м
φ 12.70x1,00 мм	φ 6.35x0.75 мм	0.02 кг/м
φ 15.88x1,00 мм	φ 9.52x0.75 мм	0.03 кг/м
φ 19.05x1,00 мм	φ 9.52x0.75 мм	0.03 кг/м

8. КОДЫ НЕИСПРАВНОСТЕЙ

При возникновении неисправности система самодиагностики сплит-систем CENTEK отобразит соответствующий код. Расшифровку кода Вы можете посмотреть в таблице ниже.

Код ошибки	Определение кода ошибки	Да/нет	Проблема, возможные причины
E0	Недостаток хладагента	Нет	Внутренняя защита компрессора: – Системе не хватает хладагента – Реверсивный сбой 4-ходового клапана
E1	Нарушена работа датчика температуры внутри помещения (TA)	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
E2	Нарушена работа датчика температуры размораживания (TW)	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
E3	Нарушена работа внутреннего датчика катушки (TE)	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
E4	Отказ дренажной системы	Да	– Повреждение водяного насоса – Повреждение датчика уровня воды – Реле уровня воды заблокировано
E5	Сбой связи проводного контроллера	Да	– Неверное подключение проводов связи – Плохой контакт провода связи
E6	Защита наружного блока (последовательность фаз)	Нет	– Отсутствует фаза силового кабеля – Ошибка последовательности фаз кабеля питания
E7	Нарушена работа датчика температуры наружного конденсатора (TL)	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
E8	Нарушена работа датчика температуры нагнетания (TP)	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
E9	Защита от низкого давления	Да	– Критически низкое давление хладагента в системе
EA	Защита наружного блока (температура нагнетания слишком высокая)	Нет	– Действие внешнего защитного устройства вследствие перегрева наружного блока
F1	Сбой связи между внутренним и наружным блоками	Да	– Обрыв проводов связи – Плохой контакт провода связи
F2	Защита от перегрева выхлопных газов	Да	– Система заблокирована или неисправность наружного вентилятора
F3	Нарушена работа наружного вентилятора	Да	– Плохой контакт наружного двигателя – Мотор сломан
F4	Нарушена работа внутреннего вентилятора	Да	– Плохой контакт наружного двигателя – Мотор сломан
F5	Нарушена работа датчика температуры наружного воздуха	Да	– Повреждение датчика – Плохой контакт датчика
F6	Защита от перегрузки по току компрессора	Нет	– Компрессор заблокирован – Низкое напряжение
F7	Переключатель выбора режима работы вышел из строя	Да	– Неправильная позиция переключателя
FB	Внутренняя защита питания	Да	– Напряжение сети не соответствует рабочему
F9	Защита от высокого давления	Да	– Конденсатор заблокирован – Ненормальная работа наружного вентилятора – Труба системы заблокирована

9. ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Показатель	Ед. изм.	Режим/ блок	CT-66D18	CT-66D24	CT-66D36	CT-66D48	CT-66D60
Производительность	Вт	Охлаждение Обогрев	5300 5900	7200 8100	10600 11700	14100 15600	17600 18600
Энергоэффективность	EER COP	Охлаждение Обогрев	3.10 3.24	3.11 3.44	2.84 3.34	2.87 3.02	3.08 3.20
Номинальная мощность потребления	Вт	Охлаждение Обогрев	1700 1790	2320 2350	3730 3500	4870 5130	5710 5780
Номинальный ток потребления	А	Охлаждение Обогрев	7.80 8.22	10.55 10.70	6.69 6.28	8.88 9.33	10.42 10.36
Напряжение электропитания	В/Гц/ф	Внутренний Наружный	220-240/50/1	220-240/50/1	220-240/50/1 380-415/50/3	220-240/50/1 380-415/50/3	220-240/50/1 380-415/50/3
Уровень шума	дБ	Внутренний Наружный	29 55	34 57	37 60	37 60	39 60
Расход воздуха	м ³ /ч		1000/800/700	1400/1250/1050	2000/1600/1400	2400/2100/1700	2800/2300/1950
Компрессор			HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY	HIGHLY
Хладагент			R410A	R410A	R410A	R410A	R410A
Заправка хладагентом (г)			1250	1750	2150	2800	3000
Габаритные размеры	мм (ШxВxГ)	Внутренний	890x785x290 800x545x315	890x785x290 825x655x310	890x785x290 970x805x395	1250x785x290 940x1325x370	1250x785x290 940x1325x370
		Наружный					
Вес	кг	Внутренний	32 42	33 50	35 69	45 95	50 99
		Наружный					
Класс энергоэффективности			B			C	
Диапазон работы: охлаждение/обогрев			-15~49/-15~24				

10. ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ, УТИЛИЗАЦИЯ ПРИБОРА

ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Упаковка, сам прибор сделаны из материалов, которые могут быть использованы повторно. По возможности при утилизации выбрасывайте их в контейнер, предназначенный для повторно используемых материалов.

УТИЛИЗАЦИЯ ПРИБОРА

Прибор по окончании срока службы может быть утилизирован отдельно от

обычного бытового мусора. Его можно сдать в специальный пункт приема электронных приборов и электроприборов на переработку. Материалы перерабатываются в соответствии с их классификацией. Сдав этот прибор по окончании его срока службы на переработку, Вы внесете большой вклад в защиту окружающей среды. Список пунктов приема электронных приборов и электроприборов на переработку Вы можете получить в муниципальных органах государственной власти.

11. ИНФОРМАЦИЯ О СЕРТИФИКАЦИИ, ГАРАНТИЙНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

Товар сертифицирован в соответствии с законом «О защите прав потребителей». Этот прибор соответствует всем официальным национальным стандартам безопасности, применимым к электроприборам в Российской Федерации.

Установленный производителем в порядке п. 2 ст. 5 Федерального закона РФ «О защите прав потребителей» срок службы для данного изделия составляет 10 лет с даты реализации конечному потребителю при условии, что изделие используется в строгом соответствии с настоящей инструкцией по эксплуатации и применимыми техническими стандартами. Дата производства изделия указана в серийном номере (2 и 3 знаки – год, 4 и 5 знаки – месяц производ-

ства). Серийный номер находится на корпусе прибора. По окончании срока службы обратитесь в ближайший авторизованный сервисный центр для получения рекомендаций по дальнейшей эксплуатации прибора. Гарантийное и послегарантийное обслуживание осуществляется генеральным сервисным центром ООО «Ларина-Сервис», г. Краснодар.

Тел.: 8 (861) 991-05-42.

О наличии сервисного центра в Вашем городе Вы можете узнать по указанному телефону или на сайте www.centek-air.ru.

Продукция имеет сертификат соответствия: № ТС RU C-CN.AY05.B.05208 от 07.03.2018 г.



Продукция сертифицирована и соответствует всем требу-

12. ИНФОРМАЦИЯ О ПРОИЗВОДИТЕЛЕ, ИМПОРТЕРЕ

Импортер на территорию РФ: ООО «Ларина-Электроникс».

Адрес: Россия, 350080, г. Краснодар, ул. Демуса, 14. Тел.: 8 (861) 2-600-900.

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Арналық
кондиционер



WWW.CENTEK-AIR.RU

Құрметті сатып алушы!

Сізді CENTEK TM ауаны кондиционерлеу жүйесін сатып алуыңызбен құттықтаймыз!

МАЗМҰНЫ

1. Қауіпсіздік шаралары.....	27
2. Жиынтықтылық.....	28
3. Аспаптың сипаттамасы.....	28
4. Аспапты басқару.....	29
5. Аспапқа техникалық қызмет көрсету және оны күту.....	35
6. Мүмкін болатын ақаулықтар және оларды жою әдістері.....	36
7. Сплит-жүйені құру.....	37
8. Ақаулықтар кодтары.....	45
9. Техникалық сипаттамалары.....	46
10. Қоршаған ортаны қорғау, аспапты жою.....	46
11. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдіктік міндеттемелер.....	47
12. Шығарушы, импорттаушы туралы ақпарат.....	47

Қолданар алдында аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалану жөніндегі маңызды ақпараттары бар нұсқаулықты мұқият оқуыңызды сұраймыз.

Аталған нұсқаулықтың сақталуына көңіл бөліңіз.

Аспапты арналуы бойынша қолданбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген қағидалар мен шарттарды сақтамаған кезде, сондай-ақ аспапты біліктіліксіз жөндеуге тырысқан кезде, шығарушы жауапкершілік алмайды.

Сплит типті ауаны кондиционерлеу жүйесін (бұдан әрі – сплит-жүйе) тек білікті мамандар жөндеу керек.

**Өз бетіңізбен құрастыруға тырыспауыңызды өтінеміз.
Біліктіліксіз құрастыру аспаптың жұмыс істемеуіне және
істен шығуына әкелуі мүмкін!**

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіздің сатып алған жабдығыңыз Ресей Федерациясындағы ауаны кондиционерлеу жүйелеріне қолданылатын қауіпсіздіктің барлық ресми стандарттарына сәйкес келеді. Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайлардың орын алуына, сондай-ақ аспаптың уақытынан бұрын істен шығуына жол бермеу үшін төменде аталған шарттарды қатаң сақтау керек:

- Сәйкес келетін қуат беру көзін паспорттық мәліметтерде көрсетілген ақпаратқа сай пайдаланыңыз, өйтпеген жағдайда аспап жұмысында күрделі іркілістер орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін
- Сіздің электр қуат желісіңіз міндетті түрде жерге тұйықталған болу керек
- Электр қуат көзі ашасының ластануына жол бермеңіз. Электр желісінің розеткасына ашаны әрқашан толықтай тығыңыз. Ашаның ластану немесе толықтай тығылмау себебінен өрт шығуы немесе электр тогынан жарақаттану мүмкін
- Егер Сіз аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбасаңыз, қауіпсіздік мақсаттарында ашаны розеткадан суырып тастаңыз
- Аспаптың жұмыс істеуі кезінде автоматты айырғышты пайдалана отырып немесе ашаны розеткадан суыра отырып, аспапты айыруға тырыспаңыз – ұшқынның нәтижесінде өрт шығуы мүмкін
- Электр қуат көзінің ашасы розеткаға толықтай тығылуы керек. Өйтпеген жағдайда, бұл электр тогынан жарақаттануға, аспаптың қызып кетуіне, тіпті жануына да әкелуі мүмкін
- Желілік баусымды шырмалдырмаңыз, қыспаңыз және одан тартпаңыз – бұл оның бүлінуіне әкелуі мүмкін. Ақаулы желілік баусым электр тогынан жарақаттануға немесе өртке әкеліп соғуы мүмкін
- Ұзартқыштарды қолданбаңыз және басқа электр энергиясын тұтынушы заттар қосылып тұрған розеткаға аспапты қоспаңыз
- Ақаулықтар орын алған кезде, алдымен қашықтан басқару тетігінің (ҚБТ) көмегімен аспапты айырыңыз, содан соң оны электр желісінен ажыратыңыз
- Айналатын қалақтарды қозғамаңыз. Олар сіздің саусағыңызды қысып тастауы мүмкін, сондай-ақ бұл аспап бөлшектерінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін
- Ылғал қолыңызбен аспаптың ішкі блогындағы батырмаларды баспаңыз

- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде, оның корпусындағы саңылауға таяқ және басқа да бөгде заттарды ешқашан салмаңыз – бұл жарақат алуға және аспаптың істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін
- Аспаптың сыртқы және ішкі блогына ешқандай заттарды (әсіресе ішінде суы бар ыдыстарды немесе басқа да сұйықтықтарды) орнатпаңыз
- Аспапты сумен жумаңыз, бұл электр тогынан жарақаттануға әкелуі мүмкін
- Аспап пен ашық отпен жұмыс істейтін аспаптың (газ плитасы және т.б.) бір уақытта жұмыс істеуі кезінде, орынжайды жиі желдетіп тұру керек. Жеткіліксіз дәрежеде желдету оттегінің жетіспеуіне әкелуі мүмкін
- Ғуа ағынының газ жанарғысы мен плитасына түсуіне жол бермеңіз
- Балаларға аспаппен жұмыс істеуге ешқашан рұқсат етпеңіз

МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

- Аспапты тікелей күн сәулесінің түсетін жеріне орнатпаңыз.
- Ауа кіретін және шығатын саңылауларды бітемеңіз, бұл оның салқындату немесе айдау қабілетін төмендетеді және аспаптың істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Салқын ауа ағынының астында ұзақ уақыт тұру сіздің физикалық жағдайыңыздың нашарлауына әкеледі және денсаулығыңызға байланысты мәселелер тудырады.
- Аспап ты қолданғаннан кейін, орынжайды желдетіңіз.
- Аспаптың жұмыс істеуі кезінде терезелер мен есіктерді жабыңыз, әйтпесе салқындату немесе айдау қабілеті төмендейді.
- Аталған аспапты ылғалдылығы жоғары орынжайда, сондай-ақ жемір химиялық заттардың булары бөлінетін жерлерде орнатуға тыйым салынады!
- Аспапты өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Білікті мамандарға жүгініңіз. Желілік баусым зақымданған кезде, оны шығарушылардың, авторландырылған сервистік қызметтің немесе біліктілігі бар маманның күшімен ауыстырыңыз. Аспап құрылғысын біліктіліксіз жөндеген немесе аталған нұсқаулықтағы аспапты пайдаланудың қағидаларын сақтамаған кезде, кепілдік жойылады.

- Бұл құрал физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдардың (соның ішінде балалардың) немесе осы құралды пайдалану жөніндегі нұсқамадан өтпеген және оны дұрыс пайдаланбаған жағдайдағы ықтимал қауіптілігі туралы тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құралмен ойнауына рұқсат етпеңіз. Құралды қараусыз қалдырмаңыз
- Сплит-жүйелерді тасымалдау, сату бойынша ерекше шарттар: Кондиционерлердің сыртқы блоктарын ТЕК тігінен тұрған күйде тасымалдау керек, ішкі блоктарды тасымалдау кезінде көлденең де, тігінен де орналастыруға болады. Дұрыс тасымалдамау аспапқа түтікшелердің қиылып сынуы, сондай-ақ компрессор майының фреонконтур магистралі бойына ағуы сияқты залалдардың қаупін төндіруі мүмкін. Бұл факторлардың барлығы жабдықтың дұрыс жұмыс істеуіне, оның мерзімінен бұрын

істен шығуына әкеліп соғады. Сплит-жүйенің сыртқы блогы сонда да көлденең күйде тасымалданса (бірақ еш уақытта астын үстіне қаратып емес), оны орнатар алдында, зауыттық қаптамадан шығармастан, бірнеше сағатқа тігінен қоя тұру керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аталған ауаны кондиционирлеу жүйесі тұрмыстық-қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық орындарда пайдаланылады!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аспаптың жұмысында төтенше жадайлар орын алған кезде (жанған иіс, бөгде шуыл және т.с.), оны дереу электр желісінен ажыратыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Электр тогынан жарақаттану қаупі! Ешқашан аспапты өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз, бұл электр тогынан жарақаттануға әкелуі мүмкін.

2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Арналықкондиционер:
 - сыртқы блок – 1 дана
 - ішкі блок – 1 дана
 - панель – 1 дана
- Сымды контроллер – 1 дана
- Байланыс кабелі – 2 дана
- Бұранда – 2 дана
- Салмалы сомын – 2 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана

3. АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ


СПЛИТ-ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Ішкі блок

1. Ауа сүзгілері
2. Сымды контроллер
3. Құбыр желісі
4. Құрғатқыш құбыршек

Сыртқы блок

5. Бөгеу қақпағы
6. Ауа шығатын саңылаулардың торлары



СЫМДЫ КОНТРОЛЛЕР ПАНЕЛІ


Сипаттамалары:

- ИҚуат беру көзі: 12 В тұрақты ток кернеуі
- Жұмыс температураларының ауқымы: (-10 ~ +70) °C
- Жұмыс ылғалдылығының ауқымы: RH20 ~ 90%
- Батырма: сенсорлық батырма
- Өлшемдері (ЕхБхҰ): 120x120x20 мм

Негізгі функциялары:

- 8-батырмалық сенсорлық енгізу
- Дыбыстық хабар беру функциясы
- СК + ақ түсті жарық
- Ақаулық кодтарын көрсету
- Температура хабаршысы
- ҚБП сигналының қабылдағышы (қосымша)

Ұсынылған сурет стандарттық қашықтан басқару пультіне жатады, онда барлық функционалдық батырмалар бейнеленген. Олар сіздің қашықтан басқару пультіңіздің функционалдық батырмаларынан өзгеше болуы мүмкін (үлгісіне байланысты).



4. АСПАПТЫ БАСҚАРУ

1. ON/OFF батырмасы («Қосу/Айыру»)
 - «Қосу/Айыру» батырмасын басыңыз
 - Кондиционер күту режимінде тұрған кезде, батырманы басқан жағдайда, кондиционер қосылады
 - Кондиционер күту режимінде тұрған кезде, сымды контроллер ішкі орынжай температурасын (бөлме температурасын) көрсетеді, қалғаны көрсетілмейді
2. мәндерді өзгерту батырмасы
 - Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, бұл батырманы әр басу COOL («Салқындату»), DRY («Құрғату»), HEAT («Жылыту») режимдеріндегі

+16-дан +32 °C-ге дейінгі ауқымда мақсатты температура мәнін 1°C-ге арттырады/кемітеді

Мақсатты температураның берілген мәні пульт дисплейінде көрсетіледі.

Ескерту

AUTO («Автоматтық») және FAN («Желдету») режимдерінде мақсатты температура ны белгілеу қол жетімсіз.


Назар аударыңыз! Кондиционер таза ауа ағынын бермейді!

- Функцияларды таңдау режимінде батырмаларды басу қажетті функцияны таңдауға мүмкіндік береді
- Таймерді белгілеу режимінде батырманы басу таймердің қажетті мәнін белгілеуге мүмкіндік береді

- Сағатты белгілеу режимінде батырманы басу сағаттың қажетті мәнін белгілеуге мүмкіндік береді

3. MODE – жұмыс режимін таңдау батырмасы

- Құрылғы жұмыс жасап тұрған кезде, бұл батырманы басу кондиционер жұмысының режимін келесі тәртіпте ауыстырады: AUTO («Автоматтық») – COOL («Салқындату») – DRY («Құрғату») – FAN («Желдету») – HEAT («Жылыту»)



Берілген жұмыс режимі пульт дисплейінде көрсетіледі.

Әрбір режим үшін бастапқы берілген температура 24 °C құрайды және FAN режимінде температура және автоматты жел дәлдемесі жоқ.

Ескерту

Автоматты режимде кондиционер орынжайдағы ауа температурасына байланысты пайдаланушыға ыңғайлы жағдай туғыза отырып, салқындату немесе жылыту режимін автоматты түрде таңдайды. Мақсатты температура басқару пультінің дисплейінде көрсетілмейді және оның өзгеруі мүмкін емес.

4. FAN – желдеткіш жұмысының жылдамдығын таңдау батырмасы

- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, батырманы басу кондиционердің ішкі блогының желдеткіші жұмысының жылдамдығын ауыстырады: AUTO («Автоматты») – LOW («Төмен») – MID («Орташа») – HIGH («Жоғары»)



Желдеткіш жұмысының берілген жылдамдығы пульт дисплейінде көрсетіледі.


Ескерту

AUTO («Автоматты») режиміндегі желдеткіш жылдамдығы берілген мақсатты

температура мен қоршаған ауа температурасы арасындағы айырмашылыққа байланысты болады. FAN («Желдету») режимінде желдеткіш жұмысының жылдамдығын AUTO («Автоматты») режимге орнату қол жетімсіз.

5. SWING – көлденең жалюзидің тербелуін қосу батырмасы


- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, бұл батырманы басу тігінен шығатын ауаның бағытын өзгертетін көлденең жалюзидің тербелуін іске қосады
- Жалюзи қажетті күйге келгенін күтiңiз және оның тербелуiн тоқтату үшiн батырманы қайта басыңыз



Ескерту

Жалюзиде конденсаттың түзілуіне жол бермеу үшін, салқындату және құрғату режимдерінде ауа ағынының бағыты ұзақ уақыт төмен қарай кетуіне жол бермеңіз. Жалюзидің сынуына жол бермеу үшін, олардың күйін қолмен реттемеңіз.


6. TIMER – таймерлерді қосу және дәлдеу батырмалары


- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, батырманы басу кондиционерді сөндіру таймерін іске қосады
- Кондиционерді сөндіру таймерін дәлдеу
Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, батырманы басу кондиционерді сөндіру таймерін іске қосады. Кондиционерді сөндіру таймерін іске қосу кезінде дисплейде таймердің Time off жанып-сөніп тұратын мәні де көрсетіледі
Батырманы  баса отырып, кондиционерді сөндіру таймерінің қажетті мәнін белгілеңіз. Әрбір басу таймер мәнін 0,5 сағатқа (30 минутқа) арттырады немесе кемітеді, таймердің мәні 10 сағаттан асқанға жеткеннен кейін, осы батырмаларды әрбір басу

таймер мәнін 1 сағатқа арттырады немесе кемітеді. Таймер мәнін белгілеу ауқымы – 0,5 сағаттан (30 минуттан) 24 сағатқа дейін

Таймер мәнін белгілегеннен кейін, сөндіру таймерінің белгіленген мәнін растау үшін, батырманы қайта басыңыз, таймердің белгіленген мәні жанып-сөнуін тоқтатады. Белгіленген уақыттан кейін кондиционер автоматты түрде сөнеді

- Кондиционерді қосу таймерін дәлдеу:

Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, батырманы басу кондиционерді қосу таймерін іске қосады. Кондиционерді қосу таймерін іске қосу кезінде дисплейде таймердің  жанып-сөніп тұратын мәні көрсетіледі



 батырмасын баса отырып, кондиционерді қосу таймерінің қажетті мәнін белгілеңіз. Әрбір басу таймер мәнін 0,5 сағатқа (30 минутқа) арттырады немесе кемітеді, таймердің мәні 10 сағаттан асқанға жеткеннен кейін, осы батырмаларды әрбір басу таймер мәнін 1 сағатқа арттырады немесе кемітеді. Таймер мәнін белгілеу ауқымы – 0,5 сағаттан (30 минуттан) 24 сағатқа дейін

Таймер мәнін белгілегеннен кейін, қосу таймерінің белгіленген мәнін растау үшін, батырманы қайта басыңыз, таймердің белгіленген мәні жанып-сөнуін тоқтатады. Белгіленген уақыттан кейін кондиционер автоматты түрде қосылады

- Қосу таймерін белгілеп, растағаннан соң, кондиционердің автоматты түрде қосылуынан кейін, оның дәлдеулерін, яғни жұмыс режимін, желдеткіш жұмысының режимін, жалюзидің тербелісін және мақсатты температураның мәнін таңдау мүмкіндігі бар



Егер 10 секундтың ішінде ешқандай іс-әрекет орындалмаса, дисплей автоматты түрде күту режиміне ауысады. Белгіленген уақыттан кейін, кондиционер

автоматты түрде таңдалған дәлдемелерімен қосылады

- Сағатты дәлдеу. Батырманы басыңыз және оны 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз, сағат индикаторы жанып-сөне бастайды. Қажетті уақытты дәлдеу үшін,  батырмаларын басыңыз. Пернеге бір рет басу  көрсеткішті 1 минутқа өзгертеді, пернені басып ұстап тұру көрсеткішті секундына 1 минутқа, екі секундтан кейін – секундына 10 минутқа, бес секундтан кейін – секундына 10 минутқа өзгертеді. Белгіленген уақытты растау үшін, батырманы қайта басыңыз

7. FUNCTION – функцияларды таңдау режимінің батырмасы



Батырманы басу арқылы функцияларды таңдау режимі іске қосылады:

- Батырманы  баса отырып, қажет функцияны таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөніп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің жұмыс дисплейінде сәйкес символ көрсетіледі
- Іске қосылған функцияны сөндіру үшін  батырмаларын баса отырып, қажет функцияны таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөніп тұрған кезде, функцияны таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция сөнеді. Басқару пультінің жұмыс дисплейінде сәйкес символ жоғалып кетеді
- Егер 10 секунд ішінде ешқандай іс-әрекет орындалмаса, функцияларды таңдау режимі автоматты түрде сөннеді, дисплей автоматты түрде қарапайым режимге ауысады

8. TURBO функциясы

Аталған функцияны іске қосу COOL («Салқындату») және HEAT («Жылыту»)


режимдеріндегі кондиционер жұмысының қарқынды режимін қосады. Кондиционердің ішкі блогының желдеткіші белгіленген мақсатты температураға тезірек жету үшін, орынжайды тез салқындатуды немесе жылытуды қамтамасыз ете отырып, ең жоғары жылдамдықта айналады.

Кондиционер COOL («Салқындату») және HEAT («Жылыту») режимдерінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз.  батырмасын баса отырып, аталған функцияның  символын таңдаңыз, сәйкес белгі жанып-сөне бастайды.

Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің диспейінде сәйкес символдар көрсетіледі.

9. SLEEP функциясы

Аталған функцияны іске қосу кондиционердің ішкі блогының желдеткіші жұмысының төмен жылдамдық режимін қосады, бұл ретте ішкі блок ұйқының берілген температуралық қисығына сәйкес жұмыс істейтін болады, бұл жайлы ұйқы туғызып, ұйқының сапасын жақсартады.

Кондиционер COOL («Салқындату») немесе HEAT («Жылыту») режимдерінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз.  батырмасын баса отырып, аталған функцияның символын таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөне бастайды.

Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің диспейінде сәйкес символ көрсетіледі.

10. Light Sensation функциясы

Аталған функцияны іске қосуды жарықтандыру хабаршысының пультіндегі кіріктірілген сигнал бойынша кондиционердің ішкі блогының желдеткіші жұмысының төмен жылдамдығының автоматты іске қосылуын жүзеге асырады, бұл жарықтандыру болмағаннан кейінгі 20 минуттан соң кондиционердің ішкі блогының желдеткіші


жұмысының төмен жылдамдығын қосады және жарықтандыру болғаннан кейінгі 20 минуттан соң кондиционердің ішкі блогының желдеткіші жұмысының бұрын белгіленген жылдамдығын қайтарады.

Кондиционер COOL («Салқындату») немесе HEAT («Жылыту») режимдерінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз. Батырмаларды баса отырып, аталған функцияның символын таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөне бастайды.

Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің диспейінде сәйкес символ көрсетіледі.

11. ECO функциясы (қосымша)

Аталған функцияны іске қосу буландырғыштың анағұрлым жоғары температурасы кезінде үнемдеушілік режимді, компрессорды автоматты қосуды және айыруды іске қосады, яғни құрылғы сирек жұмыс істейді және әрбір қосу арасында үлкен үзілістерді туғызады.

Кондиционер күту режимінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз.  батырмасын баса отырып, аталған функцияның символын таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөніп тұру керек.

Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің диспейінде сәйкес символ көрсетіледі.

12. MILDEW-PROOF функциясы (қосымша)

Аталған функцияны қосу зең қаптаудан қорғау режимін іске қосады, сөндіргеннен кейін, зеңнің қаптауының алдын алу үшін, кондиционер ішкі блоктың буландырғышындағы ылғалды автоматты түрде кептіреді.

Кондиционер COOL («Салқындату») немесе DRY («Құрғату») режимдерінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз.

↖↗ матырманы баса отырып, аталған функцияның символын таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөніп тұру керек.

Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің дисплейінде сәйкес символ көрсетіледі.


13. CLEAN функциясы (қосымша)

Аталған функцияны қосу тазалау режимін іске қосады, кондиционер буландырғышты автоматты түрде тазалауы мүмкін, бұл ауаны таза күйінде ғана сақтап қана қоймайды, салқындату әсерін де төмендетеді.

Кондиционер күту режимінде жұмыс істеп тұрған кезде, функцияларды таңдау режимінің батырмасын басыңыз. ↖↗ батырмасын баса отырып, аталған функцияның символын таңдаңыз, сәйкес символ жанып-сөну тұру керек.


Функцияларды таңдау режимінің батырмасын қайта басыңыз, таңдалған функция іске қосылады. Басқару пультінің дисплейінде сәйкес символ көрсетіледі.

14. WI-FI функциясы (қосымша)

Егер құрылғы  WI-FI функционалдық модулімен жабдықталса, белгі жанып тұрады.

Егер құрылғы функционалдық модульмен жабдықталмаса, белгі көрсетілмейді.

15. SHIELDING функциясы (қосымша)

Құрылғы орталықтандырылған басқарумен бұғатталған кезде,  сымды контроллерде көрсетіледі.

16. MUTE функциясы (қосымша)

Кондиционер дыбыссыз режимде тұрған кезде,  белгі көрсетіледі, қарапайым режимде белгі көрсетілмейді.


Ескерту. MUTE функциясы жоқ құрылғыны сымды контроллердің көмегімен дыбыссыз режимге орнатуға болады, бұл әлсіз арын ретінде көрсетіледі.


17. OIL RETURN/DEFROST функциясы (қосымша)

Аталған функцияны іске қосу майды қайтару/еріту режимін қосады, тек компрессордағы хабаршылар сигналдары бойынша іске қосылады.

Еріту кондиционерді жылуға қосқан сәтте іске қосылады. Біраз уақыт кондиционер сыртқы блоктың жылу алмастырғышын жылыта отырып, салқындату режимінде (ішкі блокты қоспай) жұмыс істейді.



Кондиционер жылыту режимінде ұзақ жұмыс істеп тұрған кезде, еріту функциясы ішкі блокты әлсін-әлсін сөндіріп отыруы мүмкін. Яғни кондиционер жылыту режимінде жұмыс істей отырып, тоқтайды, бірнеше минут «тұрады», содан соң қайта іске қосылады және жылытуды жалғастырады.

Агрегат майды қайтару немесе еріту күйінде жұмыс істеп тұрған кезде,  контроллерде белгі жанады.




Құрылғы майды қайтару немесе еріту үдерісін аяқтаған кезде,  белгі көрсетілмейді.

18. FILTER SCREEN CLEAN функциясы (қосымша)

Функция сүзгіні тазалау қажеттілігі туралы ескертеді. Құрылғы уақытты жазуы мүмкін, сол уақытқа жеткеннен кейін, пайдаланушыға сүзгі экранын тазалау қажеттілігі туралы ескертеді.

Белгіленген уақыт болған кезде,  сымды контроллерде белгі пайда болады. Осы сәтте ескертуді жою үшін,  TIMER батырмасын басып ұстап тұрыңыз, содан соң белгі сөнеді.

19. балалардан бұғаттау функциясы (қосымша)

Бұғаттау режиміне кіру үшін,  және  батырмаларын бір уақытта 5 секундтан астам басып, ұстап тұрыңыз, ол  контроллер дисплейінде көрсетіледі. Бұғаттау күйінде сымды контроллерде операциялар

айырылып тұрады (бірақ аталған функция болған кезде, қашықтан басқаруды қабылдау мүмкін болады).

Бұғаттаудан шешу тәсілі: бұғаттауды шешу үшін, \wedge және \vee батырмаларының екеуін де 5 секундтан астам басыңыз немесе құрылғының қуат беру көзін ажыратыңыз (🔌 көрсетілмейді).

20. Қашықтан басқару функциясы (қосымша)

Сымды контроллер қашықтан басқару командасын қабылдайды және ағымдағы жағдайды жаңарта алады.

Қашықтан басқару пультімен блокты іске қосыңыз, сымды контроллер қашықтан басқару пультінде орнатылған күйге сәйкес жұмыс істейді және сәйкес жұмыс режимін көрсетеді.

21. Сымды контроллерде орнатылған бөлме температурасының хабаршысы (қосымша)

Сымды контроллерде бөлме температурасының инфрақызыл хабаршысы болған

кезде (хабаршы бұзылмаған), хабаршы анықтаған температура құрылғының бас платасына жіберіледі.

Егер сымды контроллер хабаршымен жабдықталмаса немесе ол бұзылған болса, орынжайдағы температураны кондиционер блогының температура хабаршысы анықтайды.

22. Ақаулықтарды көрсету функциясы (қосымша)

Ақаулық туындаған кезде, қателік коды автоматты түрде сымды контроллер дисплейінде көрсетіледі.


Қателік коды пайда болған кезде, кондиционерді сөндіріңіз, оны электрлік қуат беруден ажыратыңыз және мамандарға немесе мамандандырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

23. °C және °F арасындағы ауыстырып қосу функциясы (қосымша)

Температураны көрсету режиміне ауыстыруға мүмкіндік береді.

СЫМДЫ КОНТРОЛЛЕРДІҢ ПАНЕЛІН ҚҰРАСТЫРУ

1. Сымды контроллер панелін ажыратыңыз.
2. Екі бұрандамен панельді қабырғаға бекітіңіз.
3. Сымды пультті панельге жалғар алдында, кабельді ажырату мүмкіндігіне көз жеткізіңіз.
4. Кабельдің көмегімен сымды пультті ішкі блокқа қосыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аспапқа қызмет көрсетер алдында, оны электр желісінен ажыратыңыз.

ІШКІ БЛОККА КҮТІМ ЖАСАУ

Аспапты мұқият күту және уақтылы тазалау оның қолданылу мерзімін ұзартады және электр энергиясын үнемдейді.

Тазалау кезінде төмендегідей ұсынымдарды ұстаныңыз:

- орнықты жерге тұрыңыз, әйтпесе құлап кетсеңіз, аспапты бұзып алуыңыз немесе өзіңізді жарақаттауыңыз мүмкін;
- алдыңғы панельді шешіп алу кезінде жарақат алып қалмау үшін, корпусың металл бөлшектеріне жақындамаңыз;
- аспаптың алдыңғы панелін және қашықтан басқару тетігін тазалау кезінде, ласты құрғақ майлықпен сүртіп алу мүмкін болмаған жағдайда, ылғал майлықты қолданыңыз.

Ескерту

1. Аспап пен ҚБТ-ны сумен жумаңыз!
2. Тазалау үшін құрамында спирті бар сұйықтықтарды, бензинді, майды немесе жылтыратқыш құралдарды қолданбаңыз.
3. Алдыңғы панельдің бетіне қатты қысым түсірмеңіз, бұл оның түсіп кетуіне әкелуі мүмкін.
4. Тазалау кезінде аспап корпусының бетін бүлдірмеу үшін абразивті тазалау құралдарын немесе металл қырғыштарды қолданбаңыз.
5. Су температурасы 45 °С-ден аспау керек. Бұл пластиктің майысуына немесе түсінің кетуіне әкелуі мүмкін.

АУА СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ

1. Ілмешекті тартып қыса отырып, сервистік саңылау арқылы кондиционер пленумынан сүзгіні шығарып алыңыз.
2. Сүзгіні шаңсорғыш арқылы тазалаңыз немесе сумен жуыңыз. Егер сүзгі қатты ластанған болса, оны жұмсақ жуғыш затты қолдану арқылы жылы сумен жуыңыз. Сүзгілерді мұқият кептіріңіз.
3. Сүзгіні орнына орнатыңыз және сервистік люкті жабыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Маусымның аясында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- сплит-жүйені ұзақ уақытқа «Желдету» режиміне қосыңыз;
- осыдан кейін аспапты желіден айырыңыз;
- ауа сүзгілерін тазартыңыз;
- ішкі және сыртқы блокты жұмсақ құрғақ майлықпен сүртіңіз;

Маусымның басында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- қоршау орны мен ішкі және сыртқы блоктардағы ауа шығатын жер бұғатталмағандығына көз жеткізіңіз;
- сыртқы блокты тот пен коррозия баспағанына көз жеткізіңіз;
- ауа сүзгілерінің тазартылғандығына көз жеткізіңіз;
- аспапты желіг қосыңыз;

6. МҮМКІН БОЛАТЫН АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

1	Сплит-жүйе іске қосылмайды	<ul style="list-style-type: none"> - Аша электрлік қуат беру розеткасына дұрыс тығылмаған - Сымды контроллер жұмыс істемейді - Қорғаныш іске қосылды - Электр желісі кернеуінің жеткіліксіздігі
2	Ауа салқындамайды немесе жылынбайды	<ul style="list-style-type: none"> - Қоршау және ауа шығу жерлері бұғатталған - Температура дұрыс дәлденбеген - Ауа сүзгісі ластанған
3	Сплит-жүйесін басқарудағы іркілістер	Көп кедергілер кезінде (статикалық электрліктің тым жоғары деңгейі, электр қуат беру желісіндегі іркілістер) аспап үзіліспен жұмыс істеуі мүмкін. Бұл жағдайда кондиционерлеу жүйесін желіден ажыратыңыз және 2-3 секундтан кейін қайта қосыңыз
4	Бірден іске қосылмайды	Аспаптың жұмыс істеу кезінде режимді өзгерту 3 минуттан кейін іске қосылады
5	Жағымсыз иіс	Сплит-жүйенің жұмыс істеуі кезінде ол жағымсыз иістерді (мысалы жиһаз, темекі иісін) жұтып алып, ауамен бірге шығаруы мүмкін
6	Ағып тұрған судың шуылы	<ul style="list-style-type: none"> - Кондиционерлеу жүйесіндегі хладагенттің айналымымен болған және бұл ақаулық болып саналмайды - Жылыту кезінде мұзданған суды еруінің дыбысы
7	Жарылған тәрізді дыбыс	Температураның өзгеруінің нәтижесінде ішкі блок панелінің кеңеюіне немесе қысылуына байланысты дыбыс шығуы мүмкін.
8	Шығу саңылауынан ылғал бүркіп тұр	Салқындату немесе кептіру режимінде салқын ауаның шығуынан орынжайдағы ауа өте салқын болса, ылғал орын алады
9	«ЖЫЛЫТУ» режимін іске қосқан кезде, ауа бірден шықпайды	Сплит-жүйе жылы ауаны шығаруға жеткілікті дәрежеде дайын емес. 2-5 минут күтуіңізді өтінеміз
10	Жылыту режимінде ауа шығару 5-10 минутқа тоқтап қалады	Аспап автоматты түрде мұзданған еріп жылынады, сыртында буланы пайда болады. Мұздан еріп жылынғаннан кейін, кондиционерлеу жүйесі автоматты түрде жұмысын жалғастырады

7. СПЛИТ-ЖҮЙЕНІ ҚҰРУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жабдықты құрар алдында, берілген нұсқаулықпен егжей-тегжейлі танысу ұсынылады.
- Құрастыруға байланысты жұмыстарды Электр қондырғыларын құру қағидаларына (ЭҚҚҚ) сәйкес уәкілетті білікті қызметкер ғана орындау керек.
